

Қазыналы қарияларға құрмет

Қазақ халқы әрқашан көнекөз қарияларын құрмет тұтқан. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекерден бекер айтылмаса керек. Батагөй ақсақалы мен ақ жаулықты әжесі бар әулет қашанда берекелі болған. Ондай ошақта салт-дәстүр мен тәртіп, бір-біріне деген сыйластық қос егіздей қатар жүрген. Сол себепті Нұра ауданына қарасты ауыл тұрғындары 1 қазан – Қарттар күніне орай шарапаты мол мерекелік шаралар өткізіп, сіз бен бізге думанды сәттерімен бөлісті.

Соналы ауылы

Қазан айының алғашқы мерекесі Қарттар күнін Соналы ауылында жыл сайын атап өтуді міндетіміз деп санаймыз. Ақсақалдар мен әжелерді мерекемен құттықтау үшін «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кештің қонағы болған



Соналы ауылы

Нұсырхан Еркін ән шырқаса, қыздар тобы мың бұралып би билеп, өнерлерін паш етті. Ақылдың көпін арқалаған ауылымыздың айбынды аталарына, ақ жаулықты аналарына мектеп оқушыларының да тартуларының үлесі зор болды. Тақпақтар айтылып, Дидар, Азат, Түсіпхандардың орындауында «Ана туралы жыр» әні орындалса, Камила мен Нұрайдың орындауында өзбек биі тарту етілді. Мерекеміздің ақ дастарқанының жайнауына демеуші болған «Тасыбеков М.С.», «Сарсекеев Д.Т.» жеке шаруа қожалықтарына алғысымыз шексіз.

«Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші, ауылымыздың имамы Мұра ағамыз батасын берсе, ата-әжелер кейінгі өсіп келе жатқан ұрпақтарына ізгі ниет-тілектерін айтып, кешіміз өз мәресіне жетті.

Ибраева Нұржамал
Кітапханашы